

19.02.2021. -Кіру режимі:

<https://www.gov.kz/memleket/entities/ontustik/press/events/details/6235?lang=kk>

4. Turkistan International Airport [Электрондық ресурс] - Кіру режимі: <https://tia.com.kz/>.

References

1. Adilet [Elektronдық resýrs] Qazaqstan Respýblikasy normativtik quyqytyq aktileriniń aqparattyq-quyqytyq júesi // Túrkitan qalasyń túrki áleminiń mádeni-rýhani ortalyǵy retinde damytý jónindegi bas jospar; Astana, 2018. Kirý rejimi: <https://adilet.zan.kz/rus/docs/U1800000762>

2. Stat.gov.kz saity [Elektronдық resýrs] Qazaqstan Respýblikasy Strategualyq josparlaý jáne reformalar agenttigi Ulttyq statistika býrosy / 06.08.2018. -Kirý rejimi: <https://stat.gov.kz/region/20243032?lang=ru>

3. Gov.kz saity [Elektronдық resýrs] Túrkitan oblysynyń ákimdigi // Túrkitan obl. ákimi Ó.E.Shókeevtiń 2020 j. atqarylǵan jumystar boıynsha halyq aldyndaǵy esebi, 19.02.2021. -Kirý rejimi: <https://www.gov.kz/memleket/entities/ontustik/press/events/details/6235?lang=kk>

4. Turkistan International Airport [Elektronдық resýrs] - Kirý rejimi: <https://tia.com.kz/>.

DOI 10.53364/24138614_2022_25_2_87

ӘӨЖ 316.4

ҒТАХР 04.21.51

Ляпбаева Н.И.

Әлеум.ғ.к., асс. профессор, Логистика және көлік академиясы,
Қазақстан, Алматы қ., ҚР.

E-mail: lyapbai-n@mail.ru

ӘЛЕУМЕТТІК ҚАУІПСІЗДІК ҰҒЫМЫ ЖӘНЕ КӨЛІКТЕГІ ӘЛЕУМЕТТІК ҚАУІПСІЗДІКТІҢ КЕЙБІР МӘСЕЛЕЛЕРІ

ПОНЯТИЕ "СОЦИАЛЬНАЯ БЕЗОПАСНОСТЬ" И НЕКОТОРЫЕ ВОПРОСЫ СОЦИАЛЬНОЙ БЕЗОПАСНОСТИ НА ТРАНСПОРТЕ

THE CONCEPT OF SOCIAL SECURITY AND SOME ISSUES OF SOCIAL SECURITY IN TRANSPORT

Аңдатпа. Ұсынылып отырған ғылыми мақалада "әлеуметтік қауіпсіздік" ұғымына талдау жасалып, көліктегі әлеуметтік қауіпсіздіктің кейбір мәселелері қарастырылады. Алдымен жалпы әлеуметтік қауіпсіздіктің теориялық мәселелерінің маңызды тұстарына тоқтала отырып, зерттеушілер көліктегі әлеуметтік қауіпсіздіктің кейбір маңызды аспектілерін атап көрсетеді. Өйткені, қоғамдық маңыздылығы деңгейі бойынша көлік қоғамдық қатынастар жүйесінде жетекші орындардың бірін иемденеді. Көлік қызметін елдің барлық халқы дерлік пайдаланады. Қауіпсіздік - күрделі әлеуметтік құбылыс, ол құрылымы жағынан алғанда да көпжоспарлы және көп қырлы болып келеді, қоғамда да әр түрлі жағдайда көрініс береді. Сонымен бірге әр түрлі әлеуметтік субъектілердің қарым-қатынастарындағы қарама-қайшы мүдделерді де көрсетеді. Мәселен, олардың бірі өзінің қауіпсіздігін басқалардың тарапынан, бірақ олардың, яғни басқа адамдардың, топтардың, халықтардың мүддесімен санаспай қамтамасыз еткісі келеді, ескі және эгоистік көзқарастар тұрғысынан ойланады, сөйтіп тіпті заңдарды да елемеуге тырысатын жағдайлар ұшырасады. Әсіресе, қазіргідей арта түскен жаһандану жағдайында қауіпсіздік алдыңғы орындардың біріне шықты. Көлікке мінген адамдардың қауіпсіздігіне төніп тұрған қатерлердің қазіргі

таңда көбеюі жағдайында қауіпсіздікке деген қажеттілікті қамтамасыз ету мақсатында түрлі мекемелер мен ұйымдардың ортақ бір консенсусқа келу мәселесі пайда болады.

Сондықтан да, көліктегі қауіпсіздік мәселесі қазіргі күннің өзектегі мәселесіне айналып отыр. Мақалада авторлар көліктегі әлеуметтік қауіпсіздік тұжырымдамасын жасау мен әлеуметтік қауіпсіздікті қамтамасыз ету мәселелерін шешу көліктің әр алуан түрлеріндегі қауіпсіздікті қамтамасыз етуге жауапты құрылымдарды біріктіруге мүмкіндік беретіндігін, қауіпсіздіктің принциптерін жүзеге асырудағы бірыңғай көзқарастар мен тәсілдерді жасауға көмектесетіндігін атап көрсетеді.

Түйін сөздер: әлеуметтік қауіпсіздік, көліктегі әлеуметтік қауіпсіздік, қоғам, көлік жүйесі, жолаушылар тасымалдау.

Аннотация. В предлагаемой научной статье рассматриваются понятие "социальная безопасность" и вопросы, касающиеся социальной безопасности на транспорте. Транспортными услугами пользуется почти все население страны. По уровню общественной значимости транспорт занимает одно из ведущих мест в системе общественных отношений, один из главных моментов - это отношения между клиентурой и лицами, оказывающими услуги. Безопасность - сложное социальное явление, которое и по структуре является многоплановым и многогранным, проявляется в различных условиях и в обществе. Также представляет противоречивые интересы в отношениях различных социальных субъектов. Например, один из них хочет обеспечить свою безопасность с чужих сторон, но без учета интересов других людей, групп, народов, задумывается с точки зрения старых и эгоистических взглядов, тем самым сталкивается с обстоятельствами, которые пытаются игнорировать даже законы. В условиях глобализации, особенно сейчас, безопасность вышла на первое место. В целях обеспечения потребности в безопасности в условиях, когда в настоящее время возрастают угрозы безопасности людей, находящихся на транспорте, возникает вопрос о подходе к единому консенсусу различных учреждений и организаций.

Поэтому вопросы безопасности на транспорте стали актуальной проблемой сегодняшнего дня. В статье авторы подчеркивают, что разработка концепции социальной безопасности на транспорте и решение вопросов обеспечения социальной безопасности позволяют объединить структуры, ответственные за обеспечение безопасности на различных видах транспорта, помогут выработать единые подходы в реализации принципов улучшения безопасности.

Ключевые слова: социальная безопасность, социальная безопасность на транспорте, общество, система транспорта, перевозка пассажиров

Abstract. The proposed scientific article deals with some issues of social security in transport. First of all, speaking about the most important aspects of theoretical problems of social security in General, the researchers note some important aspects of social security in transport. After all, transport occupies one of the leading places in the system of public relations in terms of social significance. Transport services are used by almost the entire population of the country. Security is a complex social phenomenon, which in structure is multifaceted and multifaceted, manifests itself in various conditions and in society. Also represents conflicting interests in the relations of various social subjects. For example, one of them wants to ensure his security from other people's sides, but without taking into account the interests of other people, groups, peoples, thinks from the point of view of old and selfish views, thereby he faces circumstances that even try to ignore laws. With globalization, especially now, security has come out on top. In order to ensure the need for safety in conditions where threats to the safety of people on transport are currently increasing, the question arises of an approach to a common consensus of various institutions and organizations.

Therefore, transport safety issues have become an urgent problem today. In the article, the authors emphasize that the development of the concept of social security in transport and the

solution of issues of social security allow to unite the structures responsible for ensuring security in various modes of transport, and help to develop common approaches and approaches to the implementation of safety principles.

Keywords: social security, social security in transport, society, transport system, passenger transportation.

Кіріспе. Бұл мәселе қазіргі уақытта өте өзекті болып табылады. Өйткені қандай тарихи кезеңде болмасын, ең алдымен қоғамның әлеуметтік қауіпсіздігі және көліктегі әлеуметтік қауіпсіздік проблемаларын зерттеудің барынша жан-жақты маңыздылығы және оны қамтамасыз етудің әрекет етуші тетіктерін қалыптастырудың қажеттілігіне байланысты. Әсіресе, қазіргідей ішкі және сыртқы факторлармен байланысты қоғамның қауіпсіздігіне қауіп төніп тұрған шақта бұл проблеманың өзектілігі барған сайын артып келеді. Әлеуметтік қауіпсіздік мәселесі әлеуметтік-гуманитарлық ғылымдарда, оның ішінде әлеуметтану ғылымдарында жеткілікті зерттелмеген мәселелердің бірі болып табылады.

Дәл қазіргі уақытта елімізде азаматтық қоғам қалыптастыруға және оны қалыптастыру жолындағы бірқатар проблемаларға байланысты елдегі әлеуметтік жағдайды тұрақтандыру мәселелеріне ерекше көңіл бөлінуде. Әлеуметтік қауіпсіздік және оны қамтамасыз ету – мемлекеттің негізгі функцияларының бірі болып табылады.

Соның ішінде көлік жүйесі – қауіп-қатерге және құқық бұзушылыққа жиі ұшырайтын негізгі нысандардың бірі болып табылады. Әсіресе, қандай да бір тұлғалар мен ұйымдар өздерінің қылмыстық мақсаттарына жету үшін өзге адамдардың құқықтарына нұқсан келтіретін әрекеттерге барып, жеке саяси, діни, әскери және т.б. мақсаттарын қанағаттандыруға ұмтыла отырып, жүздеген, тіпті мыңдаған адамдардың өмірін қатерге тігеді. Сондықтан "бүгінде көліктің қоғам өміріндегі рөлін асыра бағалау қиын. Заманауи өмір жағдайында көліксіз өмір сүре алатын адамды табу қиын. Ал кез келген көлік құралы жоғары қауіптілік көзі болғандықтан, жеке адамның көліктегі қауіпсіздігі тек тәжірибеде ғана емес, теорияда да ерекше назар аударуды талап ететін мәселе" [1, 24-б]. Сонымен қатар, елімізде көліктегі әлеуметтік қауіпсіздікті қамтамасыз ету ұлттық қауіпсіздігіміздің бір маңызды бөлігі екендігін де айта кеткен жөн. Бұл, ең алдымен, мемлекет пен қоғамның, соның ішінде тұлғалар мен азаматтардың көлікті пайдаланған кезде ішкі және сыртқы қауіп-қатерлерден өмірлік маңызды мүдделерінің қорғалу жағдайын да көрсетеді. Әсіресе, қазіргідей әлемге лаңкестік қауіп төніп тұрған жағдайларда бұл мәселенің маңыздылығы арта түсуде. Өйткені, түрлі көлік құралдары дүниежүзінің көптеген елдерінде лаңкестік актілерін жасау үшін нысан ретінде жиі қолданылып жүргендігі жасырын емес.

Ықтимал, болуы мүмкін сыртқы факторлар мен радикалды ішкі әсерлерден қорғауға деген қажеттілік, нақты айтқанда әлеуметтік қауіпсіздікке деген қажеттілікті туындатады. Бұл жеке тұлғалардың болса да, сондай-ақ тұтас алғанда қоғамның әр түрлі әлеуметтік топтарының болса да, басты қажеттілігі болып табылады. Осылайша, көліктегі әлеуметтік қауіпсіздік – қандай да бір қоғамдағы белгіленген әлеуметтік нормалар, ережелер шеңберіндегі әлеуметтік жүйенің тұрақтылығы мен орнықтылығының да жай-күйін көрсетеді.

Әлеуметтік маңыздылығы жағынан алғанда көлік қоғамдық қарым-қатынастар ішінде басты орынды иеленеді. Өйткені, көлік қызметін, оның ішінде қоғамдық көлік қызметін пайдаланбайтын адам жоқ. Көліктер еліміздің жекелеген аймақтары мен өңірлерін, сонымен қатар, түрлі құрлықтардағы елдердің өзінің де бір-бірімен бір саяси және экономикалық, сауда кеңістікте басын біріктіреді. Сондықтан да, бүгінгі таңда көліктегі әлеуметтік қауіпсіздікті ғылыми талдау мен зерттеудің маңыздылығы уақыт өткен сайын артып келеді, сонымен бірге бұл саладағы зерттеулер жеткіліксіз болып отырғандығын да айта кеткен жөн.

Қазақстан қоғамы үшін көлік жүйесінің өміршең қажеттілігі әрқашан еліміздің аумағының кеңдігімен, халықтың қоныстану тығыздылығының төмендігімен, өнеркәсіп орталықтары мен ауылшаруашылық кәсіпорындарының бірікпеуімен және олардың

бүкіләлемдік нарықтан алыста болуымен сипатталады, мемлекетіміздің жүргізіп отырған саясатының негізгі бағыттарының бірі – Қазақстан мемлекетін осы аймақтағы транзитті мемлекетке айналдыруға ұмтылу. Дүниежүзілік кеңістіктегі қарым-қатынастар, соның ішінде әлеуметтік, саяси, экономикалық және т.б қалықаралық ұйымдар шеңберіндегі біріктірушілік үдерістер елдің көліктік әлеуетінің маңыздылығын да арттырып отыр. Әрине, бұл жағдайдағы басты міндет болып табылатыны - ең алдымен адамдардың және тасымалдануға тиісті заттар мен жүктердің қауіпсіздігін қамтамасыз ету, адамдардың денсаулығы мен өміріне зиянын тигізетін жағдайлардың алдын алу.

Кез келген көліктің қандай да болмасын түрлеріндегі жолаушылар мен жүк тасымалдаудың қауіпсіздігін арттыру, ондағы әлеуметтік-құқықтық тәртіп пен қарым-қатынастарды қамтамасыз ету көлік қауіпсіздігіне жауап беретін қандай да бір құрылымдардың негізгі міндеті болып табылады.

Материалдар мен әдістер. Әлемдік және отандық ғылымдарда әлеуметтік қауіпсіздікті және оның әр түрлі қырларын зерттеу мен әлеуметтік қауіпсіздікті сақтаудың факторларын талдауға арналған ғылыми мектептер қалыптасып келеді. Қауіпсіздік дегеніміздің өзі адам мен тұлғаның мемлекет пен қоғамның, азаматтардың маңызды мүдделерінің сыртқы және ішкі әлеуметтік, экономикалық, саяси және әскери т.б. қауіп-қатерлерден қорғалу жағдайы болып табылады. Сонымен қатар, қоғам мен мемлекетте әлеуметтік-саяси тұрақтылықты сақтау, құқықтық тәртіпті қолдау және заңдарды бұлжытпай орындау.

«Әлеуметтік қауіпсіздік» феномені әлеуметтану ғылымында әлеуметтік өзгерістер мен тәуекелдер теориясында неғұрлым толығырақ көрініс тапқан. Онда қоғамның әлеуметтік қауіпсіздігін анықтайтын өлшемдердің өзара байланыстылығы мен өзара тәуелділігінің сипаты ашып көрсетіледі. Басқару тәжірибесі тұрғысынан алғанда әлеуметтік қауіпсіздік деңгейін бағалаудың әдістемесін айқындау маңызды болып саналады. Қазіргі кезде отандық зерттеушілер мен зерттеу орталықтары бұған қатысты эмпирикалық мәліметтерді жинауда және оларды өңдеуде әр алуан тәсілдер мен құралдарды пайдаланады.

Қай уақытта болмасын тұлғаның, қоғам мен мемлекеттің қауіпсіздігін қамтамасыз ету қоғамның өзекті проблемасы болып келе жатыр. Бұл мәселе өткен кезеңдерде де, қазіргі кезде де түрлі білім саласындағы ойшылдар мен ғалымдардың ғылыми еңбектерінде қарастырылды. Қандай ғылыми білім болса да өзінің бастауын ежелгі дәуірден алады. Соның ішінде Сократ, Платон, Аристотель және т.б. ұлы ойшылдардың еңбектері көптеген ғылыми білімдерге негіз болды. Қоғамның қауіпсіздігі мәселесі бірқатар философиялық және әлеуметтік ілімдер жүйесінде көрініс тапты. Бірақ ол кезеңдерде қауіпсіздік мәселесі басқаша тұрғыдан қойылды және оны қазіргідей түсіндіруден айтарлықтай ерекшеленді. Алайда, қазіргі таңда да қоғамдық және әлемдік қатынастардың күрделенуі жағдайында ежелгі дәуірлердегі сияқты қауіпсіздікті қамтамасыз ету проблемасы қоғамдық дамудың өзекті мәселелерінің бірі болып қалып отыр.

Түрлі заман ойшылдары мен ғалымдары әлеуметтік қауіпсіздік проблемасын түрлі аспектіде қарастырды. Антикалық дәуірде, Жаңару дәуірінде, Жаңа және кейінгі замандарда қауіпсіздік түсінігінің қалыптасуы әлеуметтік-саяси ілімдердің дамуы шеңберінде, соның ішінде мемлекет пен оның табиғаты және атқаратын қызметіне қатысты еңбектерде қарастырылды. Қауіпсіздік туралы және оның тұлғалық, қоғамдық және мемлекеттік қырлары туралы алғашқы түсініктер ежелгі грек философтары Платон мен Аристотельдің еңбектерінде пайда болды. Атап айтқанда, Платонның "Мемлекет", "Саясаткер", "Заңдар" атты еңбектерінде қоғам туралы негізгі көзқарастары баяндалған болатын. [2, 57 б]. Мінсіз мемлекет, Платонның пікірі бойынша, ең жақсылардың әділетті басқаруы, әділдік заңдарын басшылыққа алған философтардың басқаруы. "Заңдар" атты еңбегінде Платон егер заңның күші болмаса, ол біреудің билігінде болса, онда ондай мемлекет құриды деп жазған болатын. Сондықтан, заңды қорғауда сот әділдігі болу керек, онсыз мемлекет мемлекет болудан қалады.

Платон мемлекетте болуы мүмкін басқарудың негізгі үш түрін көрсетті: монархия, аристократия, демократия. Бұлардың ішіндегі мемлекетті басқарудың мінсіз түрі – аристократиялық болмаса монархиялық. Аристотель мемлекетті табиғи, еркін адамдарға тән саяси қарым-қатынастан пайда болған күрделі ұйым ретінде қарастырды. Оның пікірінше мемлекет көптеген бөліктерден тұрады және де ол оны құрайтын азаматтардың жиынтығы ретінде қарастырылады. Сөйтіп ол Платонның мемлекетке баға берудегі бірлікке ұмтылысын теріс бағалап, мемлекет "жай ғана өмір сүру үшін емес, бақытты өмір сүру үшін" құрылатындығын атап көрсетті [2, 58 б.]. Ежелгі заманның философиялық ойларында мемлекетті жалпыға ортақ береке идеясымен ұқсастыру жиі ұшырасты. Қоғамдық даму үдерісіндегі тұлға мен қоғамның ролі қауіпсіз және әділетті қоғамдық тәртіпті қамтамасыз етудің субъектісі ретіндегі мемлекеттің айқын үстемдік етуі барысында айтарлықтай төмен болды.

Қоғамдық тұрақтылық пен қауіпсіздіктің кепілі ретіндегі әділдік идеясы мен әділетті мемлекет идеясы бұдан кейінгі Орта ғасырлар дәуірінде де өзінің жалғасын тапты. Бірақ бұл кезеңдерде біршама басқаша, теологиялық ұстанымдар мен теориялар тұрғысынан қарастырылды. Оның бір өкілі еуропалық ойшыл, "шіркеу әкелерінің" бірі ірі христиандық философ Аврелий Августин болды. Ол тек қана шіркеу ақиқат мемлекет деп есептеді, онда құқық пен жалпыға бірдей пайда, шынайы әділдік, татулық пен тыныштық іске асады деді. Осы кезеңдерде діни философия мен қоғамдық-саяси ойдың дамуына үлес қосқан италяндық католиктік теолог, адамзат данышпандарының бірі Фома Аквинский болды. Ф. Аквинскийдің танымал еңбектерінің қатарында "Троица туралы", "Теологияның жиынтығы", "Мән мен мәнділік туралы" деген еңбектерін атап көрсетуге болады. Ф. Аквинский де мемлекеттің мүдделерін тұлғаның мүддесінен жоғары қойды. Мемлекеттің игілігі адамзаттыкінен жоғары, егер мемлекет зардап шексе, оның азаматтары да қиналады деп есептеді.

Ежелгі дүниеде қарастырылған әлеуметтік-саяси білімдер кейін Жаңару дәуірінде де толығып, мазмұны ашыла түсті. Соның ішінде Н. Макиавеллидің еңбегі зор болды. Оның "Государь" атты еңбегінде мемлекеттік билік мәселесі жан-жақты қарастырылды. Қоғамның қауіпсіздігін Макиавелли күшті басқарушы басқаратын күшті мемлекет деп түсіндірді [2, 65 б.]. Жаңа заман дәуірінде Платон, Аристотель, Макиавеллидің идеялары жалғасын тапқан еңбектер пайда бола бастады. Бұл еңбектер сол кезеңдегі әлеуметтік-саяси шындық пен адамның ұйымдық мәніне жақын болды. Олардың қатарында Т. Гоббс, Дж. Локк, Ш. Монтескье, Ж.-Ж.Руссо, Т. Джефферсон, Т. Пейн және т.б. атап көрсетуге болады.

Әлеуметтік қауіпсіздік – тарихи әлеуметтік феномен. Бұл феномен ұлттық қауіпсіздіктің құрылымында саяси, экономикалық, экологиялық және басқа қауіпсіздіктің түрлерімен қатар тұрады.

Ғылыми әдебиеттерге талдау жасау ежелгі дүниеден бастап қазіргі уақытқа дейін әр түрлі тарихи кезеңдерде ғалымдар арасында қоғамның, социумның әлеуметтік қауіпсіздігіне қатысты бір жақты көзқарас болмағандығын көрсетеді. Қоғамның әлеуметтік қауіпсіздігін қамтамасыз етуге қатысты ғылымда бірыңғай көзқарастың болмауы белгілі бір тарихи кезеңде әлеуметтік қауіпсіздіктің мәнін түсіну сол қоғамдағы дүниетанымдық ережелердің және соған сәйкес келетін әлемнің көрінісімен байланысты болды. Әдіснамалық тұрғыдан алғанда әлеуметтік құбылыс ретінде қауіпсіздік туралы біртұтас түсініктің болуы маңызды. "Қауіпсіздік" ұғымы сыртқы ортадағы адамның, қоғам мен мемлекеттің жағдайын сипаттайтын көп қырлы жай-күй. Мұндай тәсіл немесе көзқарас тұрғысынан алғанда "қауіпсіздік" ұғымы сөзбе-сөз алғанда қауіптің болмауын білдіреді. Қауіпсіздікті қамтамасыз ету жөніндегі, көптеген әлеуметтік нысандарға қатысты алғандағы қауіп-қатерлерге қарсы тұру бойынша қызмет күрделі жүйелік ұйым құруды көрсетеді. Осыған байланысты аталмыш тәсіл-көзқарас шеңберінде "қауіпсіздік" ұғымы қандай да бір әлеуметтік нысанға қатысты алғанда ішкі және сыртқы қауіп-қатерлердің алдын алу, болдырмау немесе оларды жою бойынша жүйелік-ұйымдық қызмет ретінде де қарастырылады.

Нәтижелері және талқылау. Әлеуметтік қауіпсіздік – күрделі әлеуметтік құбылыс, ол көп жоспарлы және көп қырлы құрылымдық бөліктерден тұрады. Сонымен бірге әлеуметтік қауіпсіздік әр түрлі әлеуметтік субъектілер мен нысандарға қатысты алғанда алуан түрлі карама-қайшылықты мүдделерді де білдіреді. Қауіпсіздік мәселелері жөніндегі заманауи зерттеулер ауқымында "әлеуметтік қауіпсіздік" ұғымының мәнін түсіндіретін бірнеше тәсілдер бар.

Әлеуметтануда "әлеуметтік қауіпсіздік" термині тұлғалардың және әлеуметтік топтардың саяси, экономикалық, рухани басылуын, оларға қатысты мемлекет пен басқа да әлеуметтік субъектілердің тарапынан өз мақсаттарына қол жеткізілуі үшін зорлық және қарулы күштерді қолдануды болдырмайтын әлеуметтік өзара әрекеттесу және қоғамдық қатынастардың жағдайы болып табылады.

Мемлекет қайраткерлері және әскери стратегтермен қатар қазіргі кезде әлеуметтік қауіпсіздік проблемасын зерттеуге және оны болжамдауға экономистер, халықаралық сала мамандары, әлеуметтанушылар, құқықтанушылар, мәдениеттанушылар және басқалары да ат салысуда. Қауіпсіздіктің бұл саласы адам факторымен байланысты қоғамға, жекелеген әлеуметтік топтарға, тұлғаларға қатысты түрлі аспектілерді өзіне қосып алады. Әлеуметтік қауіпсіздіктің негізгі құрамдас бөліктері: этномәдени, конфессионалдық, әлеуметтік-демографиялық болып табылады.

Қауіпсіздіктің конфессионалдық құрамдас бөлігі нақты адамның дін таңдау мен ұждан бостандығына деген құқығын қамтамасыз етуден көрінеді. Қазақстандағы екі дәстүрлі дін - ислам діні мен православтық христиан діні еліміздің ішкі өмірінде үлкен тұрақтандырушы рол атқарады. Бірақ, қалыптасқан жағдайға радикалды-клерикалдық топтар елеулі қауіп төндіруде, олар басқарудың зайырлы формасына қарсы, популистік ұрандары арқылы өздерінің қатарына жаңа мүшелерді белсенді түрде тартқысы келеді. Дәстүрлі емес діндердің көбеюіне ықпал етіп отырған идеялық құндылықтардың дағдарысы, ертеңгі күнге деген сенімсіздік, халықтың басым бөлігін, әсіресе жастарды қамтыған әлеуметтік күйзеліс және т.б. Мұндай қауіп әсіресе, шектен шыққан дәстүрлі емес діни ағым ваххабизмнің тарапынан келуде. Бұл мәселе тек, Қазақстанда ғана емес, көршілес Қырғызстан мен Өзбекстан мемлекеттерінде де алаңдаушылық тудыруда [3, 3 б.].

Қазіргі уақытта заңсыз көші-қон проблемасы да жағдайды ушықтыра түсуде. Әлем елдері экономикалық дамудың түрлі деңгейінде тұрғандықтан, дамушы елдерден адамдар экономикалық деңгейі жоғары дамыған елдерге жұмыс істеуге барады және төмен ақыға кез-келген жұмысты жасауға дайын. Жаһандық ауқымда оның бірқатар себептерін – экономикалық (көп ақша табуға ұмтылу, өмір салтын өзгерту, ең алдымен оның материалдық және қаржылық жағын ескеру), саяси (соғыстарға, қарулы қақтығыстарға байланысты), экологиялық (бұрын-соңды болмаған құрғақшылыққа байланысты), демографиялық (мигрант отбасыларды қайта қосуға бағытталған) себептерін атап көрсетуге болады. Бұл адамдар көбінесе құлға айналады, қысымға ұшырайды және оларда өз құқықтарын қорғаудың ешқандай амалдары қалмайды [4, 4 б.].

Қазіргі кезде әсіресе қоғамдық қатынастардың күрделенуі жағдайында көліктегі әлеуметтік қауіпсіздіктің маңыздылығы барған сайын артып келеді.

Әр түрлі көліктердегі халықтың әлеуметтік қауіпсіздігі тұжырымдамасын қалыптастыру мен олардың әлеуметтік қауіпсіздігін қамтамасыз ету проблемаларын шешу әр алуан көлік түрлеріндегі қоғамдық және әлеуметтік қауіпсіздікті қамтамасыз етуге жауапты құрылымдардың басын біріктіруге мүмкіндік береді. Сонымен бірге, қауіпсіздіктің ұстанымдарын жүзеге асырудағы бірыңғай тәсілдер мен амалдарды жасауға жәрдемдеседі. Біздің елімізге көліктің барлық түрлеріндегі қауіпсіздікті қамтамасыз ету туралы бірыңғай мемлекеттік тұжырымдама, соған сәйкес келетін оны жүзеге асырудың кешенді бағдарламасы керек.

Әлеуметтану ғылымында «әлеуметтік қауіпсіздік» термині тұлғалардың және әлеуметтік, қоғамдық топтардың саяси, экономикалық, рухани жаншылуын, оларға қатысты

мемлекет пен басқа да әлеуметтік субъектілердің тарапынан өз мақсаттарына қол жеткізуі үшін зорлықшыл-қарулы күштерді қолданудың алдын алатын және болдырмайтын қоғамдық өзара әрекетке түсудің құралы ретінде қарастырылады. «Әлеуметтік қауіпсіздік» ұғымын айқындаудың ықтимал тәсілдері мен ыңғайлары шетелдік ғылыми әдебиеттерде біршама кең таралған. Бұл тәсілдер мен ыңғайларға «әлеуметтік қауіпсіздік» категориясын «әлеуметтік қамсыздандыру» түсінігімен ұштастыру тән болып келеді. Американдық ғалым С. Дойлдың пікірі бойынша, мемлекет әлеуметтік саланы, білім беру саласы мен экономиканы дамыту жөніндегі шараларды сыртқы факторлардың ықпалынсыз жетілдіру мүмкіндігіне қол жеткізсе, онда ол мемлекет қоғамның әлеуметтік қауіпсіздігін қамтамасыз ете алатын жағдайда бола алады [5, 5 б.]. Мәселен, АҚШ-та әлеуметтік қауіпсіздік проблемаларымен арнайы айналысатын «Әлеуметтік қауіпсіздік басқармасы» қызмет етеді. Біздің елімізде "әлеуметтік қауіпсіздік" ұғымын тікелей анықтап, қарастыратын заңнамалық құжаттар жоқтың қасы. Алайда, мамандардың көзқарасы бойынша, өзге елдердегі сияқты Қазақстанда да әлеуметтік қауіпсіздік мәселесі өзектілігі мен маңыздылығы бойынша әскери қауіпсіздіктен кем соқпайды.

Барлық дамыған елдердегідей Қазақстанда да қазіргі кезде көліктегі әлеуметтік қауіпсіздік басты мәселеге айналып отыр. Бұл мәселені шешу үшін көптеген құжаттар, заңдар, бағдарламалар қабылданып жатыр. Әрине, бұл мәселенің шешімін бір күнде табу мүмкін емес, Бұл уақытты қажет ететіндігі анық. Бұл істе нақты мәселені шешетін адам факторы болып табылады. Азаматтар мемлекет бекіткен және қабылдаған нормативтік-құжаттар мен заңдарды мұқият сақтаған жағдайда ғана көліктегі әлеуметтік қауіпсіздік сақталады [6, 33-34 б.].

Әсіресе қазіргідей қоғамды көліктендіру деңгейі күрт өсіп отырған кезеңде көліктегі тасымалдау мен көліктік үдерістердің қауіпсіздігін қамтамасыз ету, олардың деңгейін көтеру мәселелері өзекті мәнге ие болып отыр. Сонымен қатар, жол-көлік оқиғалары тек қана көлік құралдарының зақымдануымен, адамдардың дене жарақатын алуымен немесе қайтыс болып кетуімен байланысты шығындарға ғана емес, сонымен бірге аса қауіпті және зиянды жүктерді тасымалдайтын көліктер апатқа ұшыраған жағдайларда да болуы мүмкін төтенше жағдайлармен де байланысты болып келеді.

Жол қозғалысының қауіпсіздігін қамтамасыз ету мәселесінің басымдығын мемлекеттік деңгейдегі маңыздылыққа дейін көтере отырып, жол-көлік оқиғаларының салдарынан болатын шығындарды бағалау жол қозғалысының қауіпсіздігін тиімді түрде көтеру шараларын қолданысқа енгізуге бағытталады. Жол-көлік оқиғаларының салдарынан болатын әлеуметтік-экономикалық шығындарды есептеу мен бағалау әдістемесі бойынша әлеуметтік-экономикалық шығындардың көлемі негізгі және қосымша шығындарды есептеу негізінде бағаланады. Көліктік қарым-қатынастар жоғары деңгейде дамыған мемлекеттерде әлеуметтік қауіпсіздік дұрыс жолға қойылған. Шығыс Еуропа елдері мен Ресей, Қазақстан көлік жүйесі жолдарының жиілігі мен сапасы, жүк айналымының мөлшері бойынша Батыс Еуропа елдері мен АҚШ-тан біршама артта қалып келе жатыр.

Тұжырымдар. Қоғамдағы тұрақтылықтың басты кепілі – әлеуметтік қауіпсіздік, оның ішінде көліктегі әлеуметтік қауіпсіздік маңызды орындардың бірін иемденеді. «Біздің басты мақсатымыз – 2050 жылға қарай әлемнің ең дамыған отыз елінің қатарына кіру. Ол үшін мүмкіншілік те, ресурс та, білімді адамдар да, берекелі ұлт та бар», – деп көрсетілген болатын 2012 жылғы Президенттің Қазақстан халқына Жолдауында [7, 1 б.]. Көлік мемлекеттік және халықаралық еңбек бөлінісінің материалдық негізін құрайды. Барлық байланыс жолдары, көлік кәсіпорындары мен көлік құралдары дүниежүзілік көлік жүйесіне бірігеді. Сондықтан көлік жүйесінің салаларын дамытуға көп қаражат жұмсалады. Ғылыми-техникалық революция көліктің барлық түрлерінің қарқынды дамуына негіз жасап берді. Бұл көліктер жылдамдығының артуынан, олардың жүк көтеру және тасымалдау, жолаушы тасымалдау мүмкіншіліктерінің кеңеюінен айқын көрінуде. Көлік жүйесі дамыған сайын ондағы әлеуметтік қауіпсіздікті арттыру мәселесі де арта түседі. Көліктегі әлеуметтік

қауіпсіздік, бірінші кезекте жолаушы адамдардың өмірі мен денсаулығының қауіпсіздігін қамтамасыз етуі тиіс.

Әдебиеттер мен деректер тізімі:

1. Ирошников Д.В. Безопасность личности на транспорте: теоретико-правовой аспект. <https://cyberleninka.ru/article/n/bezopasnost-lichnosti-na-transporte-teoretiko-pravovoy-aspekt> Юриспруденция. - С. 24-30.
2. Макиавелли Н. Государь. – М. : 1990. – С. 57.
3. Губанов, В. М. Социальная безопасность как социально-исторический феномен / В. М. Губанов, Бегимай Сатывалдиева // Молодой ученый. – 2015. – № 15 (95). – С. 577-581.
4. Терминологиялық сөздік: әлеуметтік қауіпсіздік: <https://strategy2050.kz/news/9014/>
5. Дойл С. Гражданские космические системы. Их влияние на международную безопасность. – М. : ИНИОН. – 1995. – С. 5.
6. Арын. Р.З. Национальные интересы и национальная безопасность Казахстана //Евразийское Сообщество. – 1998. – № 2. – С. 33-34.
7. «Қазақстан-2050» Стратегиясы қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты. Н. Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауы. – 2012 ж., 14 желтоқсан: <https://www.adilet.zan.kz>.

References

1. Iroshnikov D.V. Bezopasnost lichnosti na transporte: teoretiko-pravovoi aspekt. <https://cyberleninka.ru/article/n/bezopasnost-lichnosti-na-transporte-teoretiko-pravovoy-aspekt> Iýrisprýdentsiia. 24-30 s.
2. Makıavelli N. Gosýdar. M., 1990. – S. 57
3. Gýbanov, V. M. Sotsialnaia bezopasnost kak sotsialno-istoricheskiı fenomen / V. M. Gýbanov, Begımai Satyvaldieva // Molodoi ýchenyi. – 2015. – № 15 (95). – S. 577-581.
4. Terminologıalyq sózdik: áleymettik qaýıpsızdik: <https://strategy2050.kz/news/9014/>
5. Doil S. Grajdanskıe kosmicheskie sıstemy. Ih vlianie na mejdýnarodnýıy bezopasnost. M.: INION, 1995. – S. 5.
6. Arın. R.Z. Natsionalnye interesy i natsionalnaia bezopasnost Kazahstana //Evraziıskoe Soobestvo. – 1998. – № 2. – S. 33-34.
7. «Qazaqstan-2050» Strategıasy qalıptasqan memlekettiń jańa saıası baǵıty. N. Nazarbaevtyń Qazaqstan halqyna Joldaıy. – 2012.14.12: <https://www.adilet.zan.kz>.